

ӘОЖ 655.4112К

**Рамазанова Фердания Сержановна**

т.ғ.к. Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

e-mail: [ramazan16@list.ru](mailto:ramazan16@list.ru)

**Уакбаев Мақсат Бахытжанович**

Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің гуманитарлы факультетінің II курс магистранты

e-mail: [maksat.karmenov@mail.ru](mailto:maksat.karmenov@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫН КҮШТЕП ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ САЛДАРЫ

*Берілген мақалада қазақ халқын күштеп ұжымдастыру, зорлау отырықшыландыру бағытын ұстанған кеңестік дәуірдегі коммунистік партияның қатал қуғын - сүргін саясаты қарастырылады. Жалпы отырықшыландыру қазақ елінің экономикасын көтереміз деп езгіге салған Кеңес Үкіметі қазақ халқының экономикасын тіпті төмендетіп жібергендігі көрсетіледі.*

*Түйін сөздер: тарих, ғасыр, қазақ, халық, қоғам, ауыл, экономика.*

*В данной статье рассматривается политика жестоких репрессий коммунистической партии советских времен, направленная на насильственную коллективизацию и изнасилование казахского народа. Советское правительство, которое якобы подняло казахстанской экономики, продемонстрировало тенденцию к снижению экономики казахского народа.*

*Ключевые слова: история, век, казах, народ, общество, деревня, экономика.*

*This article discusses the policy of brutal repression of the Communist Party of the Soviet era, aimed at forcible collectivization and rape of the Kazakh people. The Soviet government, which supposedly boosted the Kazakh economy, showed a downward trend in the economy of the Kazakh people.*

*Keywords: history, century, Kazakh, people, society, village, economy.*

Тарихымыздың күрделі беттеріне өткен ғасырымыздың 20-30 жылдары жатады. Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғамымыздың демократиялануы тарихтың күрделі беттерінің, яғни «ақтандақ» тұстарын ашуға, оны зерттеуге кең мүмкіндіктер ашты. Қазақ халқын күштеп ұжымдастыру, зорлау отырықшыландыру бағытын ұстанған кеңестік дәуірдегі коммунистік партияның қатал қуғын - сүргін саясатын мұрағат қойнауында сақталған құжаттар айқындап беріп отыр. Коммунистік идеология үстемдік құрған кезеңде осы мәселеге қатысты тарихи деректер бір жақты зерттеліп келсе ендігі тарихшылар мұрағат қорындағы объективті шындықты айқындайтын тарихи деректі ғылыми айналымға қосуға толық мүмкіндіктер алды. Зерттеліп отырған «Қазақ халқын» отырықшыландыру мен соған байланысты туған босқыншылық тарихы бүгінгі таңда Отан тарихында өзекті мәселенің бірі ретінде көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырып, зерттеу объектісіне айналдырғаны тарихнамаға қосылған еңбектерден белгілі бұндай жағдай тек қазақ халқының басында ғана болған жоқ, ол Украинада, Волга бойында бұрынғы КСРО территориясының басқада аймақтарында болды. Бірақ қазақ халқының басынан өткен нәубет, басқа елдерге, ұлттарға

қарағанда анағұрлым ауыр болды деп айта аламыз. Себебі осы жылдары қазақ халқының 52% кемігені белгілі болып отыр. Жалған «интернационализм» мен қазақ халқын орыстандыру немесе түп-тамырымен жою, орыстардың кең байтақ қазақ жеріне отарлау көзделгені қазіргі кезде белгілі болып отыр [1]. Жазған «интернационализммен» қазақ халқын орытандыру немесе түп тамырымен жою орыс шовинистерінің кең байтақ қазақ жеріне отарлау көзделгені қазіргі кездегі зерттеулерден көріп отырмыз. 20 жылдардың соңы мен 30 жылдардың басындағы отырықшыландыру туралы зерттеулер әліде болса толық зерттеуді қажет етуде. Жалпы отырықшыландыру өзінің тарих сахнасында қандай орын алды. Осы отырықшыландыру арқылы Кеңес Үкіметі өзінің көздеген мақсатына қол жеткізеді ме? Қазақстандағы отырықшыландырудың бастаушысы болған Ф.И. Голощекин о бастан-ақ «Отырықшыландыру,- деді ол өзінің осы мәселеге байланысты 1 Өлкелік кеңесте (1930 ж 9-10 қарашада сөйлеген сөзінде,- бәрінен бұрын бұл таптық мәселе. Отырықшыландыру арқылы біз нені шешкіміз келеді?

Біз қазақ ауылының экономикасын көтеруді қалаймыз. Біз отырықшыландыру жолымен астық мәселесін қазақтар қожалығында мал

шаруашылығын жөндесек дейміз. Бұл дегенің ұлттық экономикалық теңсіздікті жою болып шығады». Кеңестік дәуірдегі «көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландырудағы» Халық комиссарлары жанынан құрылған Республикалық отырықшыландыру комитетінің рөлі, орны және маңызын осы тақырыпты зерттеу барысында білеміз [2].

Зерттеу тақырыбым 1929-33 жылдарды қамтиды. Бұл тарихи кезенді зерттеу жұмысына тандап алған себебіміз зерттеу жұмысы тақырыбым «Қазақ шаруаларын күштеп жаппай отырықшылыққа көшіру және оның салдары» болғандықтан осы хронологиялық шеңберін қамтыдым [3].

Отырықшыландыру мәселесі жөнінде бірқатар тарихшылар еңбек жазды. Мәселенің жаңаша қойылуына тарихи шындықты дұрыс танып білуге апаратын жолды іздеуді және сан алуан тың деректерді кең көлемде тауып, ғылыми айналымға енгізуді талап етеді. Кеңестік ресми тарихнамада Қазақстандағы ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрып, ұжымдастыру тарихы социализм орнату жолындағы аса үздік жетістік ретінде дәріптеліп келгені мәлім. Отан тарихында ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына қатысты, соның ішінде ұжымдастыру мәселесіне қатысты тарихнамалық процесті құрайтын бірнеше еңбектерді атауға болады. Осы кезең тарихнамалығының маңыздылығын деректерді талдау дәлелдей түседі. Кеңес үкіметінің тарихнамасында «ұжымдастыру», «отырықшыландыру» мәселелері социалистік қоғамға өтудің бірден-бір түрі, үлкен жетістік деп айтылып келеді. Тарихи деректер ауыл шаруашылығын қатар тұрудың сталиндік көзқарасын балама теориялық пікір ұсынған көрнекті ғалымдар профессор С.П Швецов, М.Г Сириус, профессор Н.Н Челинцев, А. Дончин еңбектері еді. Бұл аграрлық ғалымдар көшпелі қазақ халқын жоспарлы түрде отырықшылыққа айналдыруға қарсылығын білдіріп, өз пікірлерін айтты. Сол кезеңдерде бұл ғалымдардың пікірлері ескерілмей, оларды «буржуазияшыл», «білгірлер» деп айыптап қуғын-сүргінге ұшыратты. Сол сияқты Алаш зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов тағы басқалары да қазақ қауымының отырықшы тұрмысты қабылдай қоюяны күдікпен қарап, өз пікірлерін білдірді. Кеңестік тарихшылардың ішінде қазақ шаруаларының тарихын объективті тұрғыдан баяндау бағытындағы талпыныстарды

көрсететін бірнеше еңбектерді атауымызға болады. Оларға Ә.Тұрсынбаевтың, Г. Дахшлейлердің, Б.Төлебаевтың, К.Нұрпейісовтың еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектердің маңызы деректік материалдардың мол пайдалануында. Әрине бұл ғылыми еңбектер кеңестік қоғам тұсында жазылғандықтан, кеңестік идеологияның тар шеңберінен ары бара алмағандықта, қазақ халқының басынан кешірген қасіреттері толық ашылып айтылмады. Жұмыстың мақсаты - Қазақ шаруаларын күштеп жаппай отырықшылыққа көшіруі және оның салдары қалай болғандығын жан-жақты зерттеп көз жеткізу.

Қорыта келе айтарым ширек ғасырдан астам уақыт бойы 1929-1933 жылдардағы ашық пен сталиндік жаулай науқаны тек марапттау тұрғысынан баяндалып келді, яғни, шолақ белсенділерге айтқанды «артта қалған ауыл – селолардың әлеуметтік әл ауқатын түбегейлі жақсартқан «Кіші Қазан» революциясың жеңісі» ретінде дәріптеліп келді. Сол «Кіші Қазан» көсемі Ф.И Голощекиннің мәлімдемесінен кейін Қазақстандағы бар малдың сегізден бір бөлігі ғана қалған архив материалдарынан белгілі болды. Малынан айырылған қазақтың бұдан кейінгі көрген күні тарихтан мәлім. Аштық пен қыспақты қатар алудың зардабына төзе алмаған адамдар бүкіл ру-румен, ауылымен туған жерден кетуге мәжбүр болды. Бұл нәубеттің түп-тамыры тіптен де табиғат алапатында, яғниғ қатты қуаншылыққа, егіннің шықпай қалуына емес, пәленің көзі, Сталиннің «қол шоқпарлары» болған Голощекин секілді солақай басшының өлкеде жаппай отырықшыландыру саясатын нақты жағдаймен санаспай, әсіресе белсенділікпен, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» дейтін ұр да жық ұранмен жүзеге асыруында, көшпенді тіршілік кешкен малшы, жалпы қазақтың малын, барын зорлықпен талап, жерінен, елінен безіп, қанғуға мәжбүр еткен өрескел өктемдікте тарих шындығы, қазіргі кезде айғақтап ашық айтыла бастады.

Жалпы отырықшыландыру қазақ елінің экономикасын көтереміз деп езгіге салған Кеңес Үкіметі қазақ халқының экономикасын тіпті төмендетіп жіберді.

Нәтижесінде 2 млн адамнан айырылып, сан мыңдаған адамдарымыз шетел асып кетуге алып келді [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Галузо П.Г. Колониальная система Российского империализма в канун Октябрьской революции. – Алма-Ата, 1968. – 160 с.
2. Шахматов В.Ф. О пастбищно-кочевой земельной общине у казахов // Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана. – Алма-Ата: АН КазССР, 1962. – 73 с.
3. Сатыбекова Г.А. Переселенческий вопрос в освещении журнала «Айкап» // Общественные науки. - 1963. - Т.4. – С. 28-36.
4. Субханбердина Ү. “Айкап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. -Алматы, 1961.

**Рамазанова Фердания Сержановна**

**Лауазымы:** т.ғ.к. Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Мекен-жайы:** Шмидта 44

**Ұялы тел:** 87077474263

**Уакбаев Мақсат Бахытжанович**

**Лауазымы:** Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің гуманитарлы факультетінің магистранты, Семей қаласы

**Мекен жайы:** Титова көшесі, 128 үй, 6 пәтер

**Ұялы тел:** 87753697919

**Қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру салдары**

**Рамазанова Фердания Сержановна**

**Должность:** к.и.н. г. Семей, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

**Адрес:** Шмидта 44

**Сот. тел:** 87077474263

**Уакбаев Мақсат Бахытжанович**

**Должность:** магистрант Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

**Адрес:** ул. Титова, дом 128, кв 6.

**сот.тел:** 87753697919

**Последствия вынужденного принудительного переселения казахских крестьян**

**Ramazanova Ferdania Serzhanovna**

**Position:** Ph.D. Semey, Kazakh Humanitarian Law Innovation University

**Address:** Schmidt 44

**cells. ph:** 87077474263

**Uakbaev Maksat Bahitzhanovich**

**Position:** undergraduate Kazakh Humanitarian Law Innovation University, Semey

**Address:** st. Titova 128, 6

**cells. ph:** 87753697919

**Consequences of forced forced relocation of Kazakh peasants**